

«Батыр» жекеменшік балабақшасы

№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 25 тамыз 2023 жыл

Өткізілген орны: АКТ зал

Қатысқандар: 8 педагог

Төраға: А.Овезова

Хатшы: Ж.Ибрагимова

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылау.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.
3. 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқаулық хатпен, мемлекеттік стандартпен, Үлгілік оқу бағдарламасы және Үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.
4. Күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін және педагогтер мен мамандардың жұмыс кестесін бекіту.

Бірінші мәселе бойынша

Тындалды:

Балабақша меңгерушісі жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысына жан-жақты тоқталды. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таңертеңгі гимнастика, таза ауадағы ойындар, шынықтыру шаралары, спорттық ойындар, серуендер, қауіпсіздік сабақтары және ата-аналармен ақпараттық жұмыстар жүйелі ұйымдастырылғаны айтылды. Медбике балалардың денсаулық көрсеткіштеріне талдау жасап, жұқпалы аурулардың алдын алу шараларының тиімділігі жөнінде баяндады. Әдіскер жазғы кезеңде педагогтердің жоспарларының орындалуына талдау жасап, күшті және жетілдіруді қажет ететін тұстарды атап өтті.

Сөйледі:

Әдіскер мен тәрбиешілер балалардың қызығушылығы артқанын, табиғат аясындағы іс-шаралардың тәрбиелік мәні жоғары болғанын айтты.

Қаулы:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Денсаулық сақтау технологиялары оқу жылында жалғастырылсын.
3. Қауіпсіздік жұмыстары тұрақты бақылауда болсын.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Ибрагимова жылдық жоспардың құрылымын таныстырып, онда оқу-тәрбие жұмысы, әдістемелік қызмет, бақылау, ата-аналармен жұмыс, мерекелік іс-шаралар және педагогтердің кәсіби дамуы толық қамтылғанын баяндады.

Сөйледі:

Педагогтер жоспарға ұсыныстар енгізіп, инновациялық әдістерді қолдану бойынша пікір алмасты.

Қаулы:

1. Жылдық жоспар бекітілсін.
2. Барлық педагогтер жоспар негізінде жұмыс жүргізісін.
3. Жоспардың орындалуы әкімшілік бақылауында болсын.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқаулық хаттағы өзгерістерді, мемлекеттік стандарт талаптарын, Үлгілік оқу бағдарламасы мен оқу жоспарын түсіндірді. Құжаттарды жоспарлау барысында басшылыққа алу қажеттігі айтылды

Сөйледі:

Педагогтер нормативтік құжаттарға қатысты сұрақтарын қойып, түсіндірмелер алды.

Қаулы:

1. Нормативтік құжаттар басшылыққа алынсын.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекет мемлекеттік талаптарға сай жүргізілсін
3. Күн тәртібі мен барлық кестелер бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің шешімі

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, бірауыздан мақұлданды.

Қабылданған шешімдердің орындалуы балабақша меңгерушісі мен әдіскердің бақылауына алынды.

Төраға:  А. Овезова

Хатшы:  Ж. Ибрагимова

